

«БЕКТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы БҚМУ» КеАҚ
басқарма тұрағасы ректоры

«08»

2021 ж.








**ЖАСТАР БАСТАМАСЫН ДАМУ ОУАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОР
ОУЫНБАСАРЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ**

СМЖ.07.ЛН.53

№ 00 басылым

№ ___ дана

Дайындаушы: 05.10.2021м А.Е.Өкшебаев 	Келісілді: 07.10.2021м Сұлтанов А.Ұ.  Тасқалиев Е.К.  Алмағамбетова М.  Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 08.10.2021м Алғашқы рет Қайта қаралуы: 08.10.2021м.
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі және өкілеттігі
5. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Білім туралы» заңына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасарына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасары міндетті

- 3.1.1. Студент-жастардың әлеуметтік мәселелерін жан-жақты қарап, талдау жұмыстарын жүргізуге;
- 3.1.2. Студенттер үйінің, студенттік үй коменданттарының, студенттер кеңесінің әлеуметтік мәселелері бойынша жұмысына жетекшілік етуге;
- 3.1.3. Әлеуметтік аз қамтылған (жетімдер, мүгедектер т.б.) студенттерге көмек көрсетуге;
- 3.1.4. Мемлекеттік жастар саясатын студенттерге түсіндіруге;
- 3.1.5. Студент жастарға әлеуметтік көмек жүйесін қалыптастыруға міндетті.
- 3.1.6. Білім алушы-жастардың адамгершілік рухын қалыптастыруға негізделген университеттің тәрбие жұмыстарын қалыптастыру саясатын ұйымдастыруға;
- 3.1.7. Жоспарлауды үйлестіру және институттарда, сәйкес құрылымдық бөлімшелерде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, тәрбие жұмыстарының сапалылығын үздіксіз арттыру және олардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруға;
- 3.1.8. Білім алушылардың сабақтан тыс жетістіктерін, институттар мен жоғары мектептегі тәлімгерлердің мониторингтік қызметінің сапасын талдауға және үйлестіруге;
- 3.1.9. Білім алушылар қатарындағы белсенділерді мадақтау, студенттер үйінде ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін студентті жатақханадан шығару жөніндегі материалдарды дайындауға;
- 3.1.10. Ғылыми Кеңес пен университет басқармасының тәрбие жұмысы жөніндегі шешімдері мен бұйрықтарының жүзеге асырылуын бақылауға;
- 3.1.11. Білім алушылар мен магистранттардың ЖОО-ның ішкі тәртіп ережесін сақтауын бақылауға;
- 3.1.12. Ұжымда салауатты моральдық-психологиялық ортаны қалыптастыруды және білім алушылар мен серіктестердің өзара сыйластық қатынасын қамтамасыз етуге;
- 3.1.13. Бекітілген номенклатуралық іске сәйкес университеттің тәрбие бөлімінің іс қағаздарын жүргізудің сапалы атқарылуын қамтамасыз етуге;
- 3.1.14. Білім алушы-жастар арасындағы анықталған қолайсыз жағдайлар және Студенттер үйінде тұру ережесін бұзғаны жөнінде дер кезінде Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректорды ақпараттандырып отыруға;
- 3.1.15. Тәрбие жұмысы және жастардың бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі мамандардың жұмысына жетекшілік етуге;
- 3.1.16. Студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру;
- 3.1.17. Діни мәселелер жөніндегі түсіндіру тәрбиелік іс-шараларды үйлестіру;

3.2. Бағыныштылығы

- 3.2.1. Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасары басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады;
- 3.2.2. Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасары Жастар бастамасын дамыту орталығының директорына бағынады.

3.3. Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасары білуі қажет

- 3.3.1. ҚР-ның жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, студенттік жастарға патриоттық, адамгершіліктік, рухани бағыттағы тәрбиені беретін республикалық, аймақтық және жергілікті басқару органдарының шешімдерін;
- 3.3.2. Әлеуметтік қызметке негізделген басқа мемлекеттік органдардың нормативті материалдарын;
- 3.3.3. Университеттің жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін және орындалатын жұмыс мәселелері жөніндегі университет ішіндегі нормативтік құжаттарын;
- 3.3.4. Өзінің лауазымдық нұсқаулығын;
- 3.3.5. Еңбек заңдарының негіздерін;
- 3.3.6. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі қажет.

3.4. Біліктілік талаптар

- 3.4.1. Жоғары немесе кәсіптік (колледж) білімі, студенттермен жұмыс жасау тәжірибесі болуы керек;
- 3.4.2. ЖБДО директоры күзiреттiлiгiне кiретiн мәселелермен толық хабардар болуы, ұйымдастырушылық, жауапкершілік, жеделдік, төзімділік, адамдармен жұмыс істей білу қабілеттерінің болуы;
- 3.4.3. Кәсіби деңгейде мемлекеттік тілді білуі және дербес компьютерде жұмыс істей білуі;
- 3.4.4. Біліктілік деңгейін үздіксіз арттыруы қажет.

4. Жауапкершілігі және өкілеттілігі

4.1 Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасары жауапты

- 4.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін (тиісінше орындамаған) орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде;
- 4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдарында анықталған заң шегінде жауапты.

4.2. Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасары өкілетті

- 4.2.1. Әртүрлі ұйымдар, жергілікті билік органдары мен ведомстваларда ЖОО-ның әлеуметтік мәселелері жөнінде қызығушылықтарын ұсынуға;
- 4.2.2. Университет басшылығы шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысуға;
- 4.2.3. Өзінің өкілеттілігіне қажетті ақпарат пен құжаттарды қабылдау, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерімен әріптестік орнатуға өкілетті.

4.3. Жастар бастамасын дамыту орталығының директор орынбасарының құқықтары

- 4.3.1. Әлеуметтік, тәрбие, студент жастардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстарының сапасын арттыру жөнінде университет басқармасына және Ғылыми Кеңеске ұсыныстар енгізуге;
- 4.3.2. Біліктілік деңгейін арттыруға;
- 4.3.3. ЖОО-ның басшысынан өзінің лауазымдық міндеті мен құқығын орындауға қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуін талап етуге;
- 4.3.4. Кәсіби жағынан өзінің абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 4.3.5. Жылына 30 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға;
- 4.3.5. Ұйымдық және әдістемелік қызметтегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан көтермеленуге ұсынуға;
- 4.3.6. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыруға, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұратуға құқылы.

5. Сілтемелер

1. ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;
2. ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;
3. ҚР «Ғылым туралы» заңы 18 ақпан 2011 ж. № 407-IV;
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (2022.24.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
5. ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11 шілде 1997 ж. № 151.;
6. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;
7. ҚР-дағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
8. ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері;
9. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;
10. Университеттің ішкі тәртіп ережесі СМЖ.05.ҚЕ.05;
11. ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар; Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.